

● ПРЕЗИДЕНТ

## ЕЛБАСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІНЕ ҚАТЫСТЫ

Нұрсұлтан Назарбаев іс-шараға қатысушыларға арнаған сөзінде мемлекеттің дамуы мен өсіп-өркендеуі жолында Қазақстан халқы Ассамблеясының айрықша рөл атқарып отырғанын атап өтті.

— Осы жылдары Ассамблея ұлты мен діні әртүрлі адамдарды өзара жақындастыра түсті, сан алуан мәдениет пен салт-дәстүрдегі жақсы нәрсенің бәрін көрсетіп берді. Бейбітшілік пен келісім — Тәуелсіздіктің 25 жылғының ең қастерлі қазынасы, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы қазіргі әлемде мемлекеттің этномәдени бірлестіктерге қолдау білдіруі ерекше тәжірибе болып отырғанын айтты.

— Бұл — Қазақстандағы нақты шындық. Мемлекет барлық этномәдени бірлестіктерге тұрақты түрде және кең ауқымды қолдау көрсетіп, балаларды ана тіліне оқытатын мектептерді қаржыландырып келеді. Газеттеріміз бен журналдарымыз он бес тілде шығады, театрларымыз жеті тілде сойлейді, — деді Елбасы.

Фестиваль барысында Нұрсұлтан Назарбаев корей, неміс және ұйғыр ұлттық театрларына академиялық мәртебе берді.

Сонында Мемлекет басшысы іс-шараға қатысушыларды Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтап, баршаға игілік пен бақ-береке тіледі.

# Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10

ЖЕЛТОҚСАН  
СЕНБІ

2016 ЖЫЛ  
№188-189 (19274-19275)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ШИРЕКҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ПАРТИЯ ҚАТАРЫНА ЖАҢА МҮШЕЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ. ОБЛЫС ӘКІМІ, ПАРТИЯНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ ЖАҢА ПАРТБИЛЕТТЕРДІҢ ИЕГЕРЛЕРІНЕ ЖЫЛЫ ЛЕБІЗІН БІЛДІРІП, ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІМЕН ҚУТТЫҚТАДЫ.

● МАРАПАТ

## «СЫР МАРЖАНЫ» «ІСКЕР» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Астанада өткен Индустриаландыру картасы жобаларын таныстыру және «Алтын сапа», «Парыз» конкурстары жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде қазалылық танымал кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты Мінажидин Өтевтің «Сыр маржаны» ЖШС «Атамекен» ҰКП тағайындаған арнайы сыйлықты иеленіпті деген жағымды жаңалық леде-ақ тарады. Біз де серіктестік орналасқан Ақтан батыр елді мекенінің әкімі Серікбай Қанатовқа хабарласып, қуаныштарына ортақтастық. Қашан көрсен де жайдары калпынан танытатын ағамыз мұндағы қабырғалы қауымның көңілі көтеріңкі екенін жеткізді.

Биыл тұңғыш рет табысталған «Іскер-2016» арнайы сыйлығына еліміз бойынша барлығы 10 компания қатысыпты. Міне, «Сыр маржаны» сол үздіктер қатарынан көрініп отыр. Ел сенімін арқаалаған перзенті жүзден жүйрік шығып жатса, халқы неге шаттанбасын?!

Тілекші ағайынның мәре-сәре калпы өткен күндері жадыма оралтты. Кешегі кеңес заманында «Партияның XX съезі» атындағы кеңшар аталған бұл ауылдың күрші егумен атағы алысқа тараған-ды. Мемлекет қоймасына 100 мың центнерге дейін астық тапсыратын кеңшардың тұрмыс-тіршілігі жақсы, тұрғындары бақуатты гүмбір кешті. Мал шаруашылығымен айналысатын біздің ауылдың жастары көршілес құрдастарымыздың «Мо-сквич», «Жигули» маркалы жеңіл машиналарына (біздің қолымыз мотоциклға зорға жететін) қызығып та, қызғанып та қараушы еді. Олай болмағанда ше?! Бітік өскен күрші дақылға жұртшылыққа бақ боп қонды. Жыл сайын егіс көлемінің ұлғайғаны соншалықты жер жетпей іргелес қоныстанған Қазақстанның 40 жылдығы (қазіргі Жанқожа батыр ауылы) атындағы кеңшардың жеріне, тіпті Арал ауданының Ақбай алқабына күрші егілгенін көз көргендер жақсы біледі. 1974 жылы совхоз тарихында ең жоғары өнім жиналды. Байырғы дикан Рахмет Тыныштықбаев әр гектарына 112 центнерден өнім алып, сый-құрметке бөленді. Жыл қорытындысында механизатор, күршіші, мамандар 5000-12000 сом аралығында қосымша ақы иеленді. Ол кезде кеңестің 90 тиыны бір долларға тең екенін ескерсек, бұл ақшаның қанша құрайтынын өзін есептей беріңіз.

Абыройы асқақтаған ауылдың тізгінін оңшан маркаса азаматтар, солардың бірі — отызмыңдықшылардың қатарында ауданға келіп аталған қонысқа басылып жасаған Өлкен Қарамергенов болатын. Енді бұл атаудың мағынасына қысқаша тоқтала кетсем. КОКП ОК ауыл шаруашылығын дамыту үшін

ең белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті мол отызмын коммунисті ауылдарға жібереді. Солардың қатарында бұған дейін Алматы облысындағы іргелі ауданды басқарған Өлкен Қарымұлы да бар еді. Өмірден көрген-түйгені мол арда азамат сенім үдесінен шыға білді. Кейін Өлкен басшылықтан босағанда ұжым мүшелері су жаңа «Волга» көлігін сыйға тартыпты. Ел мерейіне бөленген деген осы болар. Алайда, Кеңес Одағы тарағаннан соңғы өлара шақ, егемендігіміздің алғашқы жылдарындағы уақытша қиындықтар осынау құтты қоныстың да тіршілігін шайқалтты. Жаппай жұмыссыздық белең алып, елдің күнкөрісі қиындай түсті. Екі қолға бір күрек таппай қиналған көпшілік қалайда отбасын асыраудың қамымен көсіп іздеп жан-жаққа тарыдай шашырады. Ала дорба арқалап амалсыздан сауда жасауға көшті. Кешегі маң даланы дегеніне бағындырған, темір тұлпарды ұршықтай үйірген іргелі жұрт келешегіне абырай бастағаны да ащы ақиқат. Десе де, елдің іргесі сөгілмеді.

Қазір ауыртпалық атаулы ұйқыда жатып көрген түстей артта қалды. Ауылдың басты инвесторы — «Сыр маржаны» ЖШС жалпақ жұрттың тыныс-тіршілігін назардан қалыс қалдырмайды. Серіктестікте 150-ге тарта жергілікті тұрғын тұрақты еңбек етсе, науқан тұсында бұл көрсеткіш еселене түседі. Техника паркін жаңалауға баса мән беріледі. Серіктестік сонау 1999 жылдың желтоқсан айында құрылды. Алғашқы жылдары тек негізгі дақылды егумен айналысты. Сол кезде 350 гектар жерге күрші дәнін сепкен серіктестік дикандары биылғы жылы 2100 гектар жерге себілген күршінің әр гектарынан 54,8 центнерден өнім алды. Бастысы, мұнда күрші Оңтүстік Корея технологиясымен өңделеді. Зауытта дәнді дақыл қабылданып, өңделіп, ақтаудың барлық кезеңінен өткізіледі. Тұқым статусын иеленгендіктен дайын тұқымды облыс көлемінде сатуға мүмкіндігі бар. Нақты кезеңде сапалы күрші түрлері Орта Азия елдері мен Ресейге экспортталуда.

Бұған қоса, өткен жылы 500 басқа арналған мал бордақылау алаңының қуаты биыл 3000 басқа дейін жеткізілді. Мұнда ірі қара бірнеше ай семіріліп, бордақыланады. Келешекте консервідегі бұқтырылған ет, шұжық, сүбе әзірлейтін комбинатты іске қосу жоспарда бар.

Ұлық мереке қарсаңында биік марапатқа ие болған серіктестіктің жетістігіне ел дән риза.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
Қазалы ауданы,  
Ақтан батыр ауылы.



## ЖАҢА МҮШЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

хатшысы Гаухарай Есімова және Ауған соғысының ардагері Қуанышбек Сыздықов өз алғыстарын білдірді.

Жақында Астана қаласында Елбасының қатысумен өткен республикалық Жастар форумына қатысқан, «Жас Отан» Жастар қанатының мүшесі, Назарбаев зияткерлік мектебінің ұстазы Бағдат Әбілов партия қатарына қабылданған

жаңа мүшелерге өз лебізін білдіріп, форумда алған әсерімен бөлісті.

Шара соңында партияның жаңа мүшелері «Атамекен» әнін шырқап, естелік суретке түсті.

Гүлжазира ЖАҒАСОВА,  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ  
(сурет).

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЫР ЕЛІ



## 25 жылдың 25 жарқын жетістігі

## XXI ҒАСЫРДЫҢ АУЫЛЫ

«Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деген Елбасы сөзі әр сырбайлықтың көңіліне қуаныш, мақтаныш сезімін ұялатады. Иә, ырысты, күршіткі Сыр елінің бүгінгі берекелі, ертені еңселі. Шырайланған шаһары, ажарланған ауылы бараймақты Мемлекет басшысының өзгелерге үлгі етуі заңдылық.

Сырдария ауданындағы 2000-дай тұрғыны бар Нағи атындағы ауылдың бүгінде атағы алысқа кеткен. Тақтайдай тегіс көшесі гүлмен көмкерілген, субұрқағы атқылаған, жайқалған ағаштары жаңға сая алтын бесік көрген көзді сүйсінтеді. Егемендікке қол

жеткізген жылдарда халық несібесі еселеніп, дамудың жаңа сатысына көтерілді. Елді мекенді түлетуге тірек болған күрші өсірумен айналысатын «Абзал и К» серіктестігі бүгінде миллиард теңгеден аса қаржы құйып, ауылды адам танымастай өзгертті. Табалдырығынан атпаған жан құлпырған қалаға кіргендей әсерде болады. Жасыратыны жоқ, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізімен жүк артқан шетелдіктердің талайы түнгі мезгілде шамдары жарқыраған шағын қалаға таңдай қағып тамсанады екен.

Бүгінде батыр атын иемденген ауылда кейбір аудан орталықтарында жоқ сәулетті, су жаңа әлеуметтік нысандар бар. Айталық, соңғы жылдары ел игілігіне берілген мәдениет үйі, 1000 орындық стадион, имандылық үйі, спорт кешендері көрген көздің жауын алады. Жыл сайын «Абзал и К» серіктестігі ауылды абаттандыруға 100 млн теңгенің үстінде қаржы бөліп, өркениеттің ерен үлгісін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, шаруашылық қызметкерлеріне үй салып беріп, сауапты істің бел ортасында жүр. Жасарған, жайнаған елді мекен тұрғындарына жасалған жағдайды одан әрі сабақтасак, 2011 жылы Елбасы аралап көрген көркіне көз тойтын «Әсем» мейрамханасы мен әмбебап дүкенді айтуға болады. Оған наубайхана мен қоғамдық мошаны қоссаңыз.

Айта берсек, ауылда жан жадыратар жаңалық көп. Мемлекеттік жекеменшік серіктестік негізінде бой көтерген нысандар қатары жыл сайын толығады. Халқына қамқор азаматтар, тіпті, ауылдық әкімдік ғимаратын салуды да өз мойнына алған. Алдағы уақытта демалыс паркін салудың да қам-қарекеті жасалып жатыр.

XXI ғасырдың ауылы Сырдың даңқын асырып, өркениет пен заманауи тұрмыстың үлгісі болып отыр.

Н.САУЯЕВ.





## ТӘУЕЛСІЗДІК ТЫНЫСЫМЕН ӨРКЕН ЖАЙҒАН ӨНЕР



Ел Тәуелсіздігінің ширекғасырлық мерекесіне орай көркемсурет галереясында «Қазақстанның таңғажайып дәуірі бұл...» атты облыс суретшілері мен мүсіншілерінің көрмесі ашылды.

Көрменің ашылу рәсіміне қатысқан облыс әкімі Қ.Көшербаев өнер иелеріне сарқылмас шабыт тіледі. Көрмеге 32 қылқалам шеберінің 60-тан астам кескін-демелік шығармалары мен мүсіндері қойылған. Жалпы галерея қорында 300-ге жуық еліміздің белгілі суретшілерінің

туындылары сақталған. Мұнда ұлт мақтаныштары Әбілхан Кастеев, Қожахмет Қожықов, Айна Ғалымбаева, Гүлфайруз Ысмайлованың және жергілікті шеберлердің туындылары мен композициялық шығармалары сақтаулы тұр.

Суретшілердің ішкі сезімді

жеткізудегі пластикалық мәнері және нәзік бояу қолданысы өзгеше. Көрмедегі авторлардың көпқырлылығы, суретшілердің түйсігі арқылы сезінген өмір құбылыстарын көркем бейнелеуін жоғары бағалауға тұрарлық. Картинада бейнеленген, бедерленген мүсінге айналған қайталанбас жұмыстар эстетикалық тұрғыда рухани әсер сыйлайтынын айтқан Қырымбек Елеуұлы өнер иелеріне шығармашылық тұрғыда қолдау көрсетілетінін айтты.

Өнер иелерінің әрқайсысының жұмыстарымен жете танысқан облыс әкіміне шеберханада жас суретшілердің жұмыстары да көрсетілді. Ал суретші Рахым Шегебаев жуырда ғана шыққан қос томдық кітабын сыйға тартты.

Шара барысында шығармашылық өкілдері облыс әкімінің және облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Қазақ өнерінің қасиетті тармағы – Сыр мәдениеті мен өнері Тәуелсіздік тынысымен тағы да өркен жая түсті.

Нұрбек  
ДӘУРЕНБЕКОВ.

## ҚАРАША АЙЫНЫҢ РЕЙТИНГІН ОБЛЫС ӘКІМІ БАСТАДЫ

«Саясат-Monitoring» зерттеу тобы облыс әкімдерінің қараша айындағы рейтингін жариялады. Сауалнамаға қатысқан саясаттанушылар, қоғам қайраткерлері, блогерлер, саяси технологтар мен журналистер еліміздің аймақтары басшыларының жұмысын бірнеше көрсеткіш бойынша бағалады.

Қорытындысында қараша айының рейтингін Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев бастады. Өткен айда облыс орталығында 60 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілсе, тағы бір тұрғын үйдің іргетасы қаланды. Сарашылар 80 көпқабатты үйдің салынуын, соңғы 3 жылда 11 шағын ауданның бой көтеруін атап өтті. Сондай-ақ облыстық балалар ауруханасының жаңа ғимаратқа қоныстануын толымды жетістік ретінде бағалады.

Қараша айындағы рейтингке инвестиция тарту бойынша көрсеткіштер де оң әсер еткен. Аймақ басшысы Қазақстан-Британ үкіметаралық комиссиясының жұмысына қатысып, өңірде 2 газтурбиналық станция салу, инфрақұрылымдық жобалар мен шағын және орта бизнесті қолдау туралы келіссөздер жүргізді. Қара такта тас өңдеу жобасын қаржыландыру келісіміне қол қойды.

Респонденттер аймақтың 100 пайыз орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылғанына, оған қоса ЕҚДБ-мен бірлескен жобалардың тиімділігіне назар аударған. Сонымен бірге, қараша айында өткен инвестициялық форум барысында «Тенізшевройл» басшылығымен аталған кен орындарындағы жұмыстарға қызылордалық мұнай сервистік компаниялардың да қатысуы туралы келісім жасалған болатын.

М.МЕРЕЙ.

### ● КОНФЕРЕНЦИЯ

## АЙМАҒЫМЫЗДА ДІНИ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық ішкі саясат басқармасының діни мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. «Ел Тәуелсіздігіне 25 жыл: Бейбітшілік пен даму жолындағы дәстүрлі діни тақырыбында өткен конференцияға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Айдын Қайруллаев қатысты.

Аталған конференцияға Алматы, Оңтүстік Қазақстан облысынан мамандар арнайы шақырылды. Конференцияның негізгі бөліміне дейін алдымен екі секциялық отырыс өткізілді. Секция отырысынан кейін республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысын жалғастырды.

– Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде еліміз көптеген сынақтар мен қауіп-қатерлерге, қиыншылықтарға тап болды. Алайда, өзінің бірегей жолдарын ұсына отырып, оларды жеңіп келеді. Нақты кезеңде Сыр өңірінде діни ахуалы тұрақты. Ағымдағы жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеу қорытындыларына сәйкес, жалпы, өңірдегі ахуал тұрақты әрі қолайлы деп бағаланған, – деді басқарма басшысы А.Қайруллаев.

Айта кетейік, діни тұрақтылықты қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындардың сауаттылығын арттыру, діни экстремизм көріністерінің алдын алу мақсатында облыс әкімдігінің қолдауымен аймақтағы әлеуметтік жобаларға тиісті қаржы бөлініп келеді.

Бұған қоса, облыстық ішкі саясат басқармасы жанындағы діни мәселелерін зерттеу орталығында деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен азаматтарды оналту бөлімі жұмыс жасайды. Орталықтың аймақта ақпараттық түсіндірме шараларын жүргізетін 10 теолог маманы Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінде арнайы білімдерін жетілдірген. Сонымен қатар аймақ басшысының тұрақты қолдауымен өңірдегі мейіптерде жоғары білімді кадрлармен қамтамасыз ету және діни ортаның сауаттылығын арттыру мақсатында Нұр-Мұбарак университетінде білім алушы сырбайлық 15 студенттің оқу ақысы мен жатақханасына бюджеттен тыс көздер арқылы қаржылай демеушілік жасалды.

Шара соңында, конференция алдындағы секциялық жұмыстар барысында көтерілген мәселелер мен ұсыныстар бойынша арнайы ұсыным қабылдап, әрі қарай жүзеге асыруға арналған шаралар жоспары әзірленетін болады. Жыиың соңында аймақ тұрғындары арасында мемлекеттің діни саласындағы саясатын жүзеге асыру мақсатында белсенді жұмыс жасап жүрген бірнеше қызметкерлер мен облыстық журналистер арасында өткен діни байқаудың жүлдегерлері Алғыс хаттармен марапатталды.

Шынар БЕКБАН.

## ЖАҢА ҚЫЗМЕТІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Кеше қала әкімі Н.Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте алдымен кадрлық өзгеріс жайы айтылып, бұған дейін қала әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген Нұрхан Жәлиев жақында ғана Елбасының Жарлығымен құрылған ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің «Талдау және стратегиялық жоспарлау департаменті» директорының орынбасары қызметіне тағайындалғанын жеткізді.

Басқосуда қала әкімі Нұрхан Бұхарбайұлының қызмет жолында өзінің іскерлігі мен біліктілігінің арқасында түрлі салаларда жемісті еңбек етіп, аймағымыздың әлеуметтік және экономикалық әлеуетінің артуына ерекше үлес қосқанын атап өтті. Сондай-ақ, барша әріптестерінің атынан алғысын білдіріп, жаңа қызметіне сәттілік тілеп, қала әкімдігінің «Құрмет» грамотасымен марапаттады. Өз кезегінде Нұрхан Жәлиев қала әкіміне қызмет барысында артқан сенімі мен қолдауларына ағысын жеткізді.

### ● ДАРИЯ ДЕНҒЕЙІ

## САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Күн бір жылы, бір суыған мұндай сәтте мұз үстіне шығуда аса саяқтық керек. Өкінішке орай, жыл басынан бері өңірімізде балық аулауға шыққан бірнеше адам мерт болған. Бұл жайында Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте ҚР ИІМ төтенше жағдайлар комитетінің оңтүстік өңірлік аэроұтқыр желде құтқару жағағының басшысы Бақыт Жергенов айтып берді.

– Тұрғындардан ауа райының суық мезгілінде табиғатқа шығар болса, қауіпсіздік шараларына баса мән беруін сұраймыз. Оның ішінде, балық, аң аулауға ниеттенгендер баратын бағытты отбасы мүшелеріне айтып кеткені жөн. Бұл жазатайым адасып, болмаса, көліктері тоқтап қалған жағдайда құтқарушылардың желде табуына көп көмегін тигізсе еді, – деді ол.

Осы орайда, құтқару жағағының жетекшісі бүгінге дейінгі болған оқыс оқиғалардан мысал келтірді. Айталық, күз мезгілінде аралдық 4 балықшы суға кетіп, оның бірінің денесі әлі табылмаған. Ал Шиелі ауданында қайыққа мінген екі адам қаза

болған. Оқыс оқиғалардың барлығы да қауіпсіздік шараларын сақтамағандықтан орын алып отыр.

– Жуырда Жалағаш ауданында дария арнасынан асып, жайылымдық жерлерді су басты. Қарауыл учаскесі маңындағы малшының үйі су қоршауында қалды. Сол мезетте үй тұрғындарын құтқарып, қайта баруға тыйым салған болатынбыз. Екі күннен соң қайта құтқаруларын сұрап арыз түсірді. Мәселен, біздің құтқарушылар сол оқиға кезінде 21 сиырды, 39 жылқыны қауіпсіз жерге алып шықты. Өрине, біз өз міндетімізді орындаймыз, десе де тұрғындар да барынша қауіпсіздікті ескергендері жөн, – деді Бақыт Жергенов.

Сонымен қатар, брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бөлім басшысы Бақтияр Тұрманов өз мәлімдетермен бөлісті. Оның айтуынша, бүгінгі таңда Қармақшы ауданы тұсында өзенде мұз ұстасып тұр. Қалыңдығы 10 см шамасында. Сондықтан да мұз үстіне шығу аса қауіпті.

Нағымжан САУЯЕВ.



### ● БРИФИНГ

## ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙІ – ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА

– Қызылорда – аграрлық-индустриялық өңір.

Сонымен бірге мұнда мұнай-газ саласы, уран өнеркәсібі мен құрылыс индустриясы дамуда. Облыс күршіс өсіруден көш бастап тұр, республика бойынша өндірілетін күршінің 90%-ы осы өңірге тиесілі. Географиялық жағынан қолайлы орналасуы, табиғи-ресурстық, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеті еліміздің оңтүстік бөлігіндегі логистика орталығы болуына мүмкіндік береді. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» магистралі облыстың барлық 7 ауданын және Қызылорда қаласын қамтиды, – деді Д.Ақышев.

Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету – Ұлттық Банктің басты мақсаты. 2016 жылғы 11 ай ішінде инфляция 7,5% деңгейінде қалыптасты. Жакын арадағы 2-3 ай ішінде инфляция жылдық инфляция бойынша нысаналы бағдарға (6-8%) жету мүмкіндігін жоспарлануда. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарына негізделген теңгерімді ақша-кредит саясатын жүргізеді. Бұл ретте теңгенің өзгермелі айырбастау бағамы режимі кезінде пайыздық саясатқа баса назар аударылады. Д.Ақышев инфляция және облыстың жалпыөңірлік өнімі туралы статистиканы келтірді. Республика бойынша ішкі жалпы өнімдегі өңірлік өнімнің үлесі ағымдағы

жылғы 6 айда 2,8%-ды құрады.

– 2016 жылғы 11 айда Қызылорда облысында инфляция деңгейі 6,8% болып, республика бойынша ең төменгі көрсеткіш ретінде белгіленді. Бұл 7,5%-ды құраған республикалық деңгейден төмен. Жылдық инфляция 2016 жылғы қарашада 7,4% болды, бұл – республика бойынша ең төменгі көрсеткіш, – деді ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы.

Қызылорда облысы заңды және жеке тұлғалар салымдарының өсімі жөнінен де алдыңғы орында. Ел көлемінде теңгемем салымдар 84%-ға дерлік артса, Қызылорда облысында бұл көрсеткіш 143%-ға жетті. Бұл – өңірлер ішіндегі ең жақсы нәтиже. Одан бөлек, Д.Ақышев отандық қаржы нарығындағы жағдай туралы кеңінен атап өтті. Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері қарашаның соңында алдын ала деректер бойынша 29,8 млрд АҚШ долларын құрады. Жыл басынан алтын-валюта резервтері 2 млрд АҚШ долларына өсті. Ұлттық қор активтерін қоса алғанда, елдің халықаралық резервтерінің жалпы сомасы 61 млрд АҚШ долларын құрай отырып, 91 млрд АҚШ долларына жетті.

– Ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты. Биыл 11 айда номиналды көрсеткіш бойынша теңге 0,4%-ға әлсіреді және қарашаның соңында теңгенің бағамы бір АҚШ доллары үшін 341,44

теңге болды, – деді Д.Ақышев.

2016 жылы елде депозиттер құрылымының жақсарғаны байқалды. Депозиттерді долларландыру деңгейі 2016 жылғы қаңтардағы ең жоғары 70%-дан 2016 жылғы қазанда 55,7%-ға дейін төмендеді. ҚР Ұлттық Банкінің басшысы банктердің кредиттік белсенділігіне қатысты ахуалды да түсіндірді. Банктердегі кредиттердің көлемі 2016 жылғы қазанда 12,8 трлн теңге болды. Кредиттердің өсуі өңдеу өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында байқалды.

– Кредиттеуді одан әрі кеңейтуге жақын арадағы базалық мөлшерлеменің төмендеуі және ақша нарығындағы ресурстар құнын тиісінше тұрақтандыру ықпал ететін болады, – деді ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы.

Баспасөз мәслихаты барысында Д.Ақышев Ұлттық Банк экономиканың ұзақмерзімді орнықты өсуін қамтамасыз ету мақсатында ақша-кредит саясатына сәйкес шаралар қабылдауды және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы шараларды жалғастыратынын жеткізді. Сонымен қатар, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Назерке САНИЯЗОВА.

## ӨНЕРКӘСІПТІ ӨҢІРДЕГІ ӨРЕЛІ ІСТЕР

Шиелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев Өңірлік коммуникациялар орталығында биылғы жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттері жайында БАҚ өкілдеріне арналған брифингте кеңінен айтып берді.

Жалпы, Шиелі ауданында барлық сала бойынша ілгерілеушілік байқалады. Өсіресе, ауылшаруашылық саласында аудандар арасында алдыңғы орыннан көрінді. Мұның бәрі де тынымсыз еңбектің жемісі екені белгілі. Ақ күршінің атасы Ы. Жақаевтың 125 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде аталып өтті. Мерейтой қарсаңында ауданда бірқатар мәдени ошақтар ашылды.

Брифинг барысында аудан басшысы алдымен аудандық бюджет жайын сөз етті. Биылғы жылға арналған бюджет жыл басында 10 млрд 532 млн теңге көлемінде бекітілген. Жыл көлемінде қазынаны молайту бағытындағы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде аудандық бюджет 10 айдың қорытындысымен 15 млрд теңгеге жетті.

Биыл ауыл шаруашылығында 14 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда көлемі 9,9 пайызға өсті. Дикандардың есепі еңбегінің арқасында күрші дақылынан 66008 тонна өнім алынып, әр гектарынан 59,2 центнерден өнім жиналған. Бастысы, ауылшаруашылық саласына тартылған инвестиция көлемі 660 млн теңгеге құралды. Осы орайда «Төңкеріс-Қ» шаруа қожалығының тұқым шаруашылығы мәртебесін алуы аудан халқы үшін жағымды жаңалықтардың бірі болды. Көктемгі дала жұмыстары мен күзде егін жинау мақсатында ашылған «Шиелі МТС» ЖШС маусымда еңбегі орасан болды. Жұмыс жеңілдеп, өнімді дер кезінде жинап алуға жағдай жасалды. Осы кезге дейін егістікті сумен қамтамасыз етуде өзекті мәселе болған еді. Алайда, облыс әкімінің қолдауымен құны 1 млрд 600 млн теңге тұратын үрлемелі су тоспасының салынуы егіштіліктің өрісін кеңейтті.

Ауданда асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда жүйелі жұмыстар атқарылады. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары мал басының көбеюіне, шаруа қожалықтарының жұмысының алға басуына септігін тигізіп келеді. Өңірдегі өнеркәсіп көшбасшысы «DANAKE»



корпорациясы» ірі жобаларды қолға алуда. Зауыттың жылдық қуаттылығы бойынша 1 млн тонна цемент өндіру жоспарланған. Жаңа кәсіпорында 100 адам жұмыспен қамтылады. Айта кетерлігі, облыста алғаш болып Шиелі ауданында жеке кәсіпкер С.Ермаханов шұбат өңдеу цехын іске қосты. Тәулігіне цех 400 литр түйе сүтін өңдейді.

Есепті кезеңде 5782 млн теңге инвестиция тартылып, аумағы 27039 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында Шиелі кентінде, Ақмая ауылында мәдениет үйі, Алғабас пен Ө.Тәжібаев ауылындағы балабақшалар күрделі жөндеуден өткізілді. Сонымен бірге Еңбекші, Қоламанов, Ақмая елді мекендерінде жаңа дәрігерлік амбулатория құрылыстарына қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ауданның білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларында жақсы нәтижелерге қол жеткізілген. Жұмыссыздық мәселесі де өз шешімін тауып келеді. Биылғы жылы 982 жаңа жұмыс орны ашылды. «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша кәсіп тапқандар қатары көбейді.

Жиында аудан басшысы Қ. Сәрсенбаев ауыз сумен қамтамасыз ету, тұрғын үй салуға жер беру мәселесі, автомобиль жолдары, газдандыру бойынша атқарылған жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Брифинг соңында журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға тұшымды жауап қайтарылды.

Сара АДАЙБАЕВА.

## ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ СЕРПІНДІ ДАМУДА

Өңірлік коммуникациялар орталығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әліязарованың, облыстық медицина орталығының директоры Сәбит Пазыловтың және жастар денсаулығы орталығының директоры Жанар Қалмақованың қатысуымен брифинг өтті.

Онда сала басшылары ағымдағы жылдың 10 айында атқарылған жұмыстарды саралады. «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бойынша облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, онда 203 іс-шараны орындап, тұрғындар денсаулығының 28 индикаторына қол жеткізу көзделген еді. Өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы Қызылорда облысы бойынша 2016 жылдың қорытындысымен 71,91 жасқа жетуі тиіс, республикалық индикатор бойынша 71,8. Ағымдағы жылы республикалық бюджет есебінен 14 нысанның құрылысы (13 нысан 2016 жылы берілу керек) жүргізілуіне қаржы бөлініп, оның ішінде Қызылорда қаласында 200 тосектік облыстық балалар ауруханасы, Жанакорған ауданы Түгіскен ауылдағы дәрігерлік амбулаториясы пайдалануға берілді. Қалған 11 нысанды ағымдағы жылы пайдалануға беру жоспарлануда.

Өлім-жітім себепінің құрылымына сараптама жасаған басқарма басшысы бірінші орында қан айналым жүйесінің аурулары (19,2%), екінші орында тыныс жүйесі аурулары (16,1%), үшінші орында қатерлі ісік (13%) ауруларының тұрғанын айтты. Кадрларды оқыту, қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру үшін 60 млн теңге қаралған. Ағымдағы жылы облыс үшін қажетті мамандарды резидентураға дайындау мақсатында облыс әкімінің гранты бөлінді және жыл көлемінде барлық дәрігерлердің 59,4% білімдерін жетілдірді (1363). Осы жылы 81 жас маман облыстың денсаулық сақтау саласына тартылып, оның 60% БМСК ұйымдарына жіберіліп, қазіргі таңда БМСК ұйымдарының дәрігерлермен қамтылу көрсеткішін 95 пайызға дейін көтеруге қол жеткізілген. Облыстың барлық медицина ұйымдарында пациенттерді қолдау қызметі құрылған. Сонымен бірге, халыққа қызмет көрсету сапасын жоғарылату мен кезекті төмендету мақсатында БМСК ұйымдарында тіркеу бөлімінің жұмысы оңтайландырылды. Оған қоса, емханалардағы кезекті азайту үшін пациент-



терге әркез көмекке келуге дайын тұратын администраторлар тағайындалды, ірі емханаларда пациенттер қол жиналатын жерлерге бейнебақылау камералары қойылған. Ағымдағы жылдың ақпан айында алғаш рет Emdeu.kz бірыңғай информациялық платформасы құрылып, Call-центр қызметі кеңейтілді. Бұл жүйе интернет, телефонды қолданып қажет дәрігерге жазылуға немесе үйден шықпай дәрігерді шақыруға мүмкіндік береді. 2016 жылдың 10 айында 125 елді мекенге жылжымалы медициналық кешендер шығып, 30678 тұрғын қаралып, оның 51,7 пайызы скринингпен қамтылған. Нәтижесінде 6894 науқас анықталып, 5145 сауықтырылды. 2016 жылдың 10 айында санитарлық авиацияға шақыртулар саны 27,5 пайызға жоғарылап, 708 жағдайды құраған (2015ж-513).

Ағымдағы жылдың маусым айынан бастап облыста офальмохирургиялық орталық ашылды. Жергілікті бюджеттен 90 млн теңгеге жоғары диагностикалық құрал-жабдықтар сатып алынып, өткен жылмен салыстырғанда жасалған ота санының 2 есе өсуіне септігін тигізді. Облыста офальмологиялық орталықта алғаш рет глаукомалық кабинет ашылды, 2000 астам науқас глаукомамен есепке алынып, сауықтырылды. Байқоңыр қаласында облыстық медициналық орталықтың филиалы – қазақстандық медициналық ұйым ашылды. 11 айдың нәтижесі бойынша ана өлімі көрсеткіші 85,3 пайызға төмендеді. Облыстық перинаталдық орталықтың жабдықталуы 100%-ға жеткізілді.

– Емханаларда 18 дені сау бала кабинеті ашылып, 0-5 жас жоспарланған балалардың 38933 баласы немесе 65 пайыз өткізілді. Жас аналарды 6 ай – 5 жас балаларды дұрыс тамақтандыруға үйрету мақсатында қосымша тағы да 10 ресурсты орталықтар ашылып, 10711 жас ана оқытылды. Нәтижесі деп айтуға болады, соңғы 5 айда үй жағдайында бала өлімі тіркелген жоқ, – деп атап өтті А.Әліязарова.

Жалпы өлім көрсеткіші 2016 жылдың 10 айында 4,4 құрап, бытырғы жылмен салыстырғанда 2,2 пайызға азайған.

Туберкулез бойынша аурушандық көрсеткіші 6,7 пайызға төмендеп, 100 мың тұрғынға шаққанда 58,1-ды құрады, мақсатты индикатор 62,3 (ҚР индикатор – 63,1). Республика бойынша 3 орында (СКО мен Ақмола облысынан кейін). Катерлі ісік ауруларын ерте сатысында анықтау көрсеткіші 24,2 пайызға жақсарып 55,3 құрады, мақсатты индикатор 56,3 (ҚР индикатор – 57,4). Қан айналым жүйесі аурулары бойынша өлім көрсеткіші 11,3 пайызға төмендеп 85,1-ды құрады, мақсатты индикатор 135,0 (ҚР индикатор – 203,1). Республика бойынша 11-орында. Ана өлім көрсеткіші 85,3 пайызға төмендеп, 6,4-ті құрады. Ал, сәби өлімі көрсеткіші 1,0 % төмендеп 10-ды құрады, мақсатты индикатор 11,0 (ҚР индикатор – 11,0). Республика бойынша 1 орында. Басқарма басшысы жыл қорытындысы бойынша барлық 28 мақсатты индикатордың көрсеткіштеріне қол жеткізу жоспарланып отырғанын айтты.

Айнұр БАТТАЛОВА.



● ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Ежелден «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, тәлім-тәрбиені ұштастыра отырып, елдік қасиеттерді ұл-қыздарының бойына сіңіре өсірген.

Халық алғысын аркалап, бүкіл саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған Әубәкіров Қыдырбай ақсақал мен Таубайқызы Тұрсын апайдың отбасы талай игі жайсындар ат тоқтатқан құтты қоныс болған. Отбасында 4 ұл, 3 қыз өсірген Қыдырбай аға ұл-қыздарына ұлттық өсиет-өнегені сіндіріп өсірді. Өзі жастайынан армандаған ішкі істер органдарының қызметкері болу белгілі себептермен бұйырмағанымен, мамандығына сәйкес құрылыс саласында еңбек ете жүріп, ұлдарының өзінің бала кезгі арманын іске асырып, нысанды киім киіп, құқық қорғау органдарында елдің қызмет етуін қалайтын.

Аңсаған армандарына сүйеніп, балаларына парасат биігіне жетелеген ата-ананың тілектері орындалып, бүгінгі күні төрт ұлы да ішкі істер органдарында қызмет атқаруда болса, қыздары ағартушылық жолды таңдады. Үлкені Жұлдызай – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, оқу-ағарту ісінің магистрі болса, Күндізай да аталған оқу орнында оқытушы қызметінде жүріп, қазіргі таңда докторлық диссертациясын қорғауда. Ал кенжесі – Мәдір бүгінде Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің магистратурасын тәмамдап, «Туған жер» қоғамдық бірлестігінде қызмет атқарады.

Үлкен ұлы Жандос – 1990-1992 жылдар аралығында Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, соң жылдың қараша айында Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасына қару-жарақ қоймасының меңгерушісі болып қызметке орналасады. Еліміз тәуелсіздікке көп жеткізіп, енді еңсе түзей бастаған ақсапалар жылдармен тұстас болған кезіндегі талай қиыншылықтар көрсек де ішкі істер саласының қалыптасуына өзіндік үлесін қосып келеді. Сөзіне бері, ісіне мығым Жандос құқық қорғау органдарындағы ширек ғасыр еңбек өтілін жай сержантан бастап, бүгінгі күні біршама белестерді

## ОФИЦЕРЛЕР ӘУЛЕТІ



бағындырып, полиция майоры шеніне дейін жетіп отыр. Қызметте көргені көп Жандос бауырымыз қызықты да қиын салаға жаңадан келген ізбасар буын өкілдеріне ағалық мінезбен ішкі істер органдарының қыр-сырын түсіндіріп, оң жол көрсетіп отырған майталман қызметкерге айналды. Атқарған қызметі лайықты бағаланып, «Қазақстан полициясының 20 жылдығы», «Ішкі істер органдарындағы мініс қызметі

үшін» төсбелгілері мен облыстық ішкі істер департаментінің басқа да марапаттауларына ие болып, қызметін облыстық ішкі істер департаментінде жалғастыруда. Отбасының үлкені ретінде ол іні-қарындастарына әрдайым қамқор болып, білгенін үйретті, әділетті, әдепті жүруге баулады. 1993 жылы өзінің бас қосып, шаңырақ көтерген жұбайы Байқадамова Мәрия екеуі 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, өсіруде.

Ағасы Жандостың ішкі істер органдарындағы абыройлы қызметіне жастайынан қанық болып өскен інілері Айдос, Жанғазы, Айғазы да құқық қорғау органдарында қызмет атқаруда.

Мамандық таңдауда Жандос ағасының жол сілтеуімен 1995 жылы ішкі істер органдарына құжаттарын тапсырып, қызметін жай ғана сержантан бастаған Айдос бүгінгі күні абыройлы еңбегінің арқасында полиция майоры шеніне дейін жетіп, облыстық ішкі істер департаментінде бөлім бастығы лауазымында қызмет атқаруда. Қазакі көпбалалы отбасынан шыққан ол қызмет барысында да қарамағындағы жас қызметкерлердің ішкі істер органдарының жұмыстарын белгілейтін бұйрықтар мен нұсқаулар және басқа да нормативтік құжаттарды пайдалануға баулып үйретуде.

Ұлдардың үшіншісі Жанғазы да ішкі істер органдарындағы қызметін 2002 жылы сержантан бастап, бүгінгі күні полиция майоры шеніне жеткен. Қазіргі таңда Қармакшы аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет атқаруда. Ал кенже бала Айғазы Қазақстан Республикасы ІІМ Ұлттық ұланы әскерлерінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы әскери бөлімінде штаб бастығының орынбасары лауазымын майор шенінде абыройлы атқаруда.

Міне, алып бәйтеректей мәуелеген Қыдырбай әулетінде бүгінгі күні 21 немере ұлағатты түрлене алуда. «Әкелен ұл тұса игі, әке жолын қаса игі» демекші, Қыдырбай ақсақал немерелерінің үлкені Жанкелді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қошстау қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы Қадет Корпусында білім алып, қазіргі таңда Ақтау қаласында 1-теніз жаяу әскері батальонында бөлімше командирі болып қызмет атқарады.

Осы бір берекесі де, мерекесі де мол, өскен-өнген үлкен әулеттен шыққан әрбір ұл-қыз бүгінде бір-бір үлгілі отбасы атаыны отыр. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген осы шығар.

**Бактыбай БЕРДІБАЕВ.**

## ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ МҰРАТ

Ұстаз еңбегі әрдайым ізденіс пен қарбаласқан тынымсыз еңбекке толы. Жаңаша оқыту жүйесіне көшу ұстаздар қауымынан бұрынғыдан да асқан жауапкершілікті, теріп білім мен үлкен ізденісті талап ететіні сөзсіз. Біздің мектеп ұстаздары да осы жаңашылдықтан қалмақ, жаңа қаламдар жасау мақсатында уақытпен санаспай еңбек етуде. Әсіресе жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше мән беру, қоғамға өзіндік тұлға болып қалыптасу жолында барша ұстаздар тер төгіп келеді. Осы орайда ұлдық-ты ұлықтан, ұрпағының ертеніе жол ашып, өмірінің әр сәтін тәрбие ісіне арнаған білікті ұстазымыз Орынкүл Бекжанова туралы ерекше айтуға болады.

Орынкүл Жандосқызы Бекжанова Арал ауданына қарасты Аманөткел ауылындағы №73 орта мектебінде 2000 жылдан бері мектептің тәрбие ісі меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді. Осы жылдар аралығында оқушылардың тәрбиесіне баса мән беріп, сынып



жетекшілеріне өз қызмет жолындағы тәжірибелерінен ақыл-кеңестерін ұсынып, ата-ана мен ұстаздар арасында жақсы қарым-қатынас қалыптасуына үлес қосып жүрген ұстаз. Түрлі қоғамдық жұмыстардың дұрыс жолға қойылуына барынша мән бере отырып, оқушылардың ата-ана, ұстаздар бақылауынан тыс қалмауын, сыныптан тыс шараларға қатысуын әрдайым басшылыққа алып отырады. Соның нәтижесінде мектеп оқушылары аймақтық, аудандық, облыстық, республикалық сайыстарда лайықты білімдері мен тәрбиелерін көрсетіп, жүлделі орындар иеленіп, мектебіміздің мерейін асқартатып келе жатыр.

Білім беру саласындағы еңбегі еленіп Орынкүл апайымыз бірнеше рет аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, ауылдық округ әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған, білім мен тәрбие ісін ұштастырған І санатты мұғалім. Ол дәріс беретін физика пәнінен де оқушылары үздік нәтижелерімен грант иегерлері атанса, енді бірі еліміздің әр аймағында еңбек қадамын бастап кеткен бір-бір саланың білікті мамандары. Олардың біркатарын атап өтсек, Гүлжазира Әбілова, Динара Мырзабаева, Назерке Донтаева, Нұрсұлтан Досаев, Сымбат Бахиева сынды шәкірттері топ бастайды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Орынкүл апай жас мамандармен де үзбей жұмыс жүргізіп, ұстаздықтың қыр-сырын үйретуден еш шаршаған емес. Оның жетекшілігімен мектеп жастарынан құралған «Көңілді тапқыштар клубы» 2005-2010 жылдар аралығында екі рет облыс көлеміндегі сайысқа қатысып, марапатталып, Түркістан қаласына саяхаттап та келді.

2014-2015 жылы мектебімізде аудан көлемінде ұйымдастырылған «Жаратылыстану бағытындағы математика-физика пәндерін оқытудың жаңашылдығы» тақырыбында өткен семинарда өз сабағын ұсынып, аудандағы әріптестері жақсы бағасын беріп, Аудандық білім бөлімінің «Алғыс хатын» иеленді.

2016 оқу жылында ұстазымыздың шығармашылық сабағы «Білім шыны, ғылым сыры» республикалық басшылығында жарияланды. «Жылдың үздік ұстазы» медалін ұстаздар күні қарсаңында кеудесіне тақты. Бұл ұстаз еңбегіне берілген баға деп білеміз.

Биыл еліміздің тәуелсіздігіне 25 жыл толып отыр. Осы ширек ғасырда еліміздің, облысымыздың, ауданымыздың білім саласы қандай мол жетістіктерге жетсе, сонда біздің Орынкүл апайымыздың да үлесі бар деп айта аламыз және осындай білімді де білікті, парасатты ұстазбен бір білім шаңырағында қызмет атқаратынымызды мақтанышыпен айтамыз.

**Лариса ОРЫНБАСАРОВА,**  
**№73 орта мектебінің**  
**сынып жетекшілері бірлестігінің жетекшісі.**  
Аманөткел ауылы,  
Арал ауданы.

## ҮЗДІКТЕР ТӨРГЕ ОЗДЫ

Қызылорда облыстық тарихи өлкетану музейі ең ұлық мерейтойға арнап музей қызметкерлері арасында «Үздік экскурсовод-2016» облыстық байқауын ұйымдастырды. Байқауда қатысушылар өзін таныстыру, тосын сұрақтарға жауап беру, экскурсия жүргізу сияқты сынынан өтті. Аудандар мен облыс орталығынан қатысқан 11 адамның ішінен «Ақмешіт» музейінің ғылыми қызметкері Нұрлан Оспанқұлов жеңімпаз атанса, І орынды Сырдария аудандық музейінің экскурсоводы Айгүл Әмзеева алды. Келесі жүлделі орынға Қармакшы ауданындағы «Қорқыт ата» мемориалдық музейінің қызметкері Айгүл Бермаханова, ал ІІІ орынға Жанакорған аудандық музейінің экскурсоводы Бағдатұл Тәженов лайық деп танылды.

Мұнан бөлек, белсенділігімен көзге түскен музей қызметкерлері әртүрлі номинациялар бойынша марапатталды.

**Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.**

## СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

Қызылорда облыстық сотының мәжіліс залында ағымдағы жылдың 21 қарашасында Астана қаласында өткен республика судьяларының VII съезінің қорытындысын талқылау мақсатында брифинг өтті.

Шараға спикер ретінде облыстық соттың судьясы, баспасөз қызметін үйлестіруші Артур Наримов, съезд делегаттары – облыстық соттың судьясы Клара Қаниева, мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьялары Рысдәулет Шамшиев, Нұрлан Еламанов, Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Асхат Сабыров қатысты.

Брифинг барысында аталған съезде қабылданған судьялардың жаңа Әдеп кодексі және оның негізгі принциптері туралы айтылды. Сонымен бірге, съезд қорытындысы бойынша республика судьяларының алдына қойылған тың міндеттер талқыға салынды.

Жинанды ашқан облыстық соттың судьясы, баспасөз қызметін үйлестіруші А.Наримов аталған съездің бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам-баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт Жоспарының 19 қадамын іс жүзінде орындау мақсатында өткізіліп отырғанын

жеткізді. Ал қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Асхат Сабыров судья Әдебі кодексіне енгізілген негізгі өзгерістер мен жаңашылдықтарды таныстырды.

Облыстық соттың судьясы Клара Қаниева съезде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев судьяларға жүктемені төмендету мәселесін көтеріп, билердің тәжірибелерінен үлгі алуға шақырғанын тілге тиек етті. Әр съезд сайыбына тәуелді етудің ең басты мақсаты тараптарды табыстыру, татуластыру екенін айтып, бітімгершілікті дамыту жолын көрсетіп келетініне тоқталды. Осы бағытта халыққа құқықтық насихаттау жұмыстары жүргізілетінін айтып өтті.

Экономикалық соттың судьясы Рысдәулет Шамшиев өз сөзінде судьялар съездерінің нәтижесінде соттарға жаңа технологиялар енгізіліп, қолжетімділік артқанын, заңнамалар ізгілендіріліп, сот жүйесін жетілдіру бағытында Елбасы айқындап берген міндеттер шегінде сот-құқықтық реформалар толықтымен іске асырылғанын жеткізді.

Жас судья Нұрлан Еламанов Елбасымен кездесудегі әсерімен бөлісті.

**Б.СМАЙЫЛ.**

## ЖАЗАСЫН ӨТЕП КЕЛГЕНДЕР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Жауапкершіліктен босаған азаматтарды қалыпты азаматтық ортаға бейімдеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Өйткені, қоғам үшін сол адамдардың келешекте қылмысқа қайта оралмауы маңызды.

Жазасын өтеп, бостандыққа шыққан азаматтар мемлекеттің қолдауына зру екені рас. Осыған орай, қала әкімінің №5261 қаулысына сәйкес облыс орталығында жазасын өтеп шыққан азаматтарға арналған «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оналту орталығы» ашылып, ол ішiде айынан бастап жұмыс жасап жатыр. Орталықтың мақсаты – құқықтық, әлеуметтік, психологиялық тұрғыда көмек көрсету, жұмысқа орналастыруға, кәсіптік мамандық игеруге қайта даярлаудан өтуге ықпал жасау.

Рәсімден де бостандыққа шыққандардың қолына өмірге үйреніп кетуі оңай емес. Темір тордың арғы жағынан шыққан соң көбісінің барар жері болмайды. «Қылмыс жасалды» деп тіпті өз бауырлары, туған-туысқандары теріс айналып жатады. Олардың көбісі түрмеден соң өздерін ешкім құшақ жайып қарсы алмайтынын айтады. Сондықтан олар өздерін қоғамның тастандысы ретінде сезініп, психологиялық күйзеліске түсіп жатады. Өмірге бейімделе алмағандықтан тағы да қылмысқа баруы мүмкін.

Ашығын айтқанда, жазасын өтеп шыққандардың көпшілігі бірінші кезекте жұмыссыздық мәселесіне ұрынады. Ал аталған орталық оларға әлеуметтік көмек көрсетеді.

Яғни, оларды еңбекке орналасуына ықпал жасайды. Тарқатып айтар болсақ, әлеуметтік бейімдеу және оналту орталығы түрмеден босап шыққан адамдарға консультациялық көмек беріп қана қоймай, ақысыз оқу мен мүгедектікті алуға да жәрдем береді.

Орайлы тұста бостандыққа шыққандардың дені мемлекет тарапынан ұсынылған жұмыстарды істегісі келмейтіндігін де айта кеткен жөн. Себебі: «Айлықтары аз» дейді. Олан гөрі күнделікті ақысын алатын жұмыстарға барғысы келеді. Жеке құрылыс жұмыстарына жалданып табыс тауып жатады.

Жазасын өтеп шыққан азаматтар жұрттың өздерінен теріс айналатынын, бұған қоса, жұмыс пен баспана мәселесі де қиындайтын айтады. Мәселен, 40 жастағы Мақтық (азаматтар аты-жөндерін толық атамауды сұрады) айтуында, сотты болған адамға жұмысқа орналасу мүд – қоғамға керексіз адамға айналған соң ондай азаматтардың көбі қайта ұрлық жасайды, ішпіндік салынады, – дейді. Енді өз-өзіме келіп, әрі қарай өмір сүрімі керек. Құжаттарым түгел. Тіркеудемін. Ендігі маңызды мәселе – жұмыс табу, – дейді ол.

– Үш жылдық жазамды өтеп келдім. Енді өз-өзіме келіп, әрі қарай өмір сүрімі керек. Құжаттарым түгел. Тіркеудемін. Ендігі маңызды мәселе – жұмыс табу, – дейді ол. «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оналту орталығының» заңгер-кәнесісі Мұрат Смайлов: «Қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдардың өмірінде көп өзгеріс болады. Қанша дегенмен олар қоғамнан оқшау, көп мәселелерден хабарсыз қалады. Бірақ олардың

барлығын қоғамнан алшақтап кеткен адам деп танауға болмайды», – дейді.

Оның айтуынша, орталық мамандарымен түзеу мекемелерінде жазасын өтеп келген адамдарға 36 зерттеу актісі жүргізіліп, 104 адамға әлеуметтік қарға толтырылып, жеке істері ашылған. Олардың ішінде 56 адам жұмыспен қамтылған, ал оның 36-сы тұрақты жұмыс істейді. Көбіін мамандық алу үшін 12 азамат оқу курстарына жазылып алдағы уақытта жұмыспен қамтылады, – дейді.

Ал осы орталықтың әлеуметтік-құқықтық жағынан кеңес беруші заң қызметкері Алмат Адранов: «Сотты болған азаматтар жұмыспен қамтылса, материалдық жағдайы шешіледі. Егер жұмыссыз жүре берсе, жеңіл жолға түсіп, қайта қылмысқа баруы мүмкін. Біз оларды барынша шыдамдылыққа, сабырлыққа шақырамыз», – деп отыр.

– Қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың қайда, не істеп жүргенін, неге мұқтаж екенін анықтаймыз. Сотталып шыққандар сөзден қашып, ауылдан қалаға келеді. Ішкі басым бөлігі – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Мысалы, такси жүргізушісі, құрылысы болып жұмыс істейді, – дейді заңгер А.Адранов.

Осы кезге дейін орталық қызметкерлері өтініш жіберіп келген азаматтардың жеке куәліктерін рәсімдеуде, тұрғылықты мекен-жайына тіркелуге көмек көрсетіп, квота алуға көмек жасап, жазасын өтеп келген жанның екі аяғына ота жасауға ықпал еткен.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

## «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІНІҢ ТОҚ ЕТЕРІ – АҚЫЛ, ӘДІЛЕТ, РАХЫМ

Абайдың «Толық адам» туралы іліміне кең өріс беретін заман туды. Абайтанудағы ескірген танымның орнына енді ғылымға негізделген, ұлттық және шығыстық бағыттан туындаған Абайдың «толық адам» іліміне негізделген жаңа типтегі оқулықтар ұсынылуды керек. Бұл туралы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада өткен «Абай мұралары қазақ және әлем мәдениеті контекстінде» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда кеңінен айтылды.

Абай гибратын жастардың бойына сіңіру, оның шығармаларындағы мазмұнды өскелең ұрпақтың өміріне азықетерлік деңгейге көтеру – өзекті мәселе. Осы бағытта облыстық ішкі саясат басқармасы және «Өркенетті Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «Абайтану» орталығы құрылып, Абайдың рухани қазынасын насихаттау жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында өткізілген конференцияға абайтанушы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы, ҚР Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері Қайыржан Күзенбаев және тағы басқа ғалымдар мен оқытушылар, студенттер қатысты.

Шара барысында облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Еркебұлан Мәнілбаев: «Абай бұл күнде шығыстың сегізінші жұлдызына айналып, әлем контекстінде тұр. Бүгінгі конференцияда Абайдың жұрт біле бермейтін сан қырлы қасиеттері туралы тың ойлар, келелі пікірлер айтылады деп сенеміз»,– деді.

Конференцияда сөз алған М.Мырзахметұлы: «Абайдың «Толық адам» ілімінің тоқ етері – ақыл, әділет, рахым. Осы үшеуіне толық адамның концепциясы жасалынады. Ондағы ақыл дегеніміз не? Алланың сегіз сипаты бар. Соның ең күшті сипаты Ғылым мен Құдірет. Осы екеуін біріктіріп алады да Абай ақыл деп береді. Ақылдың таппайтыны жоқ. Ақыл екіге бөлінеді: нұрлы ақыл, суық ақыл. Ал, Еуропа болса суық ақылдың елі. Ғылымды имансыздық жолға бастады олар. Неге? Себебі, олардың бар өнері адамды қыратын қару-жарақ жасау. Ал, нұрлы ақыл оған қарамайды. Ол халыққа тек қана жақсылық жасайды. Жүрген жеріне жылылық әкеледі. Абайдың армандайтыны осы нұрлы ақыл. Толық адамда нұрлы ақыл болады, жарым адамда суық ақыл болады. Қоғамның әрбір саласы Абайдың осы іліміне мән беруі керек. Қазір сегіз университетте Абайдың «толық адам» ілімін үйретіп жатырмыз. Жастар сол ілімді толық игеріп шыкса, арамдық жолға жүрмейді. Егер лай со секілді ластанған болсақ, бұл ілім содан тазартарды. Рухани тазартқыш деп айтуға болады».

Басқосуда ұлы Абай шығармашылығын жаңаша пайымдап, ғылым мен қоғамдық сананың бүгінгі жетістіктері тұрғысынан зерделеу мәселесі сөз болды. Абайтанушы ғалымдар баяндама жасап, Абай мұраларын зерттеу тұрғысында тың ойлар айтылып, талқыланды.

**А.САҒАТБЕКҚЫЗЫ.**

## АРУЛАР ЖЕТІСТІГІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Тәуелсіздіктің ұлы мерекесі қарсаңында Қызылордада ІІ облыстық әйелдер форумы өтті. Форумды облыстық ішкі саясат басқармасы, облыстық әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Екінші рет өткен форумға 200-ге жуық қыз-келіншек жиналды. Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов әйел-аналар мен қыз-келіншектердің тәуелсіздіктің елен-алап шағындағы ерліктерін, ширек ғасырдағы елдің іргесін бекітуге, ұрпақ тәрбиелеу ісіне сіңірген еңбектерін атап өтті. Еразаматтардың өзі абырап қалған қиын кезеңде әйел-аналар ошағының отын өшірмей, балаларын бақ-ырысқа жетеледі. Гүлден нәзік болғанмен, тастай берік табандылық танытты. Тәуелсіз еліміздің сан саласында ерлермен иық тірестіре жүріп еңбек етті. Уақыт талап еткен қиын кәсіптерді меңгерді. Тәуелсіздіктің ширектәжірибелік мерекесіне толағай татысын, мол тәжірибемен жеткен қыз-келіншектер қаншама?! Олардың әрқайсысының жетістікке жету жолында өз соқпақтары бар.

Форумда ең алдымен аға ұрпақ өкілдеріне құрмет көрсетілді. Тәуелсіздік жылдарында ұрпаққа ұлағат үйретіп, өмірден қорғану-түйгенін кейінгі толқынға үйретуден жалықпайған ардагер аналар форум төрінен орын алды. Осы жолы қоғамның сан саласының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан 25 ару облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен бірге, ардагер аналар жас мамандарға номинациялар табыстап, Сыр аналарының игі жолын жалғастыруды аманат етті.

Одан әрі форум әсем әнімен, бишілер өнерімен жалғасты. Еркін микрофон алған қатысушылар жиналғандарды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, жүрекжарды тілектерін айтты. Өнерпаз әйел-аналар ән салып, өз шығармашылығынан өлеңдерін оқып, басқосудың мәнін аша түсті. Барша қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

**М.МЕРЕЙ.**

## ҚЫЗМЕТ САПАСЫ САРАЛАНДЫ

Қызылорда қалалық ауруханасының мәжіліс залында барлық емдеу ұйымдары бас дәрігерлерінің қатысуымен ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша алқа отырысы болып өтті.

Алқа отырысына облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Н.Мырзағалиева төрағалық етіп, күн тәртібінде облыстық туберкулезге қарсы күрес қызметін және облыстық медициналық жедел-жәрдем қызметін онтайландыру бойынша атқарылған жұмыстардың есебі тыңдалып, облыс бойынша өлім-жітім көрсеткіші қаралды.

Облыстық медициналық жедел-жәрдем қызметін онтайландыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы жедел-жәрдем станциясының бас дәрігері А.Құрманғали кенінен баяндаса, облыстағы өлім-жітім көрсеткіші жөнінде Ш.Ералиеваның хабарламасы тыңдалды. Сонымен бірге, аймағымызда тіркелген суицид жағдайларына А.Неғай талдау жасады. Сондай-ақ, жинында Сырдария, Жалағаш, Шіелі аудандық ауруханаларының бас дәрігерлері мен №№1, 5 қалалық емханаларының бас дәрігерлерінің хабарламалары тыңдалды. Олар өздері басқарып отырған мекеме жайын баяндай отырып, шешімін таппай жүрген мәселелерін де айттып өтті.







**Ұрпақтары атынан «Дүйсенбай Байманов 80 жасқа толады, соған байланысты естелік жазып беріңіз» деп ұсыныс түскенде ойланбастан келісім бердім. Себебі, бұл ардақты азаматпен бір салада ұзақ жылдар қатар қызмет етіп, оның қадір-қасиетін, кәсібіне деген адалдығын көзімізбен көріп едік. Дүйсекеңді ойлағанда жалынды жастық шақтағы күні-түні барынша жұмысқа беріліп, қызмет жасаған кезеңіміз еске түседі.**



Бір кісі туралы жүректен шыққан әңгіме айту, болмаса, мақала жазу үшін ол адамды жақсы білу керек және жақсы көру керек. Менің Дүйсенбай Байманұлына деген құрметім зор. Аздап менен үлкендігі бар еді, кезінде жұмыс барысында маған талай жақсылық жасады, ақыл-өсиетін айтты. Бұл менің болашақ өмірімде өз орнымды тауып, нық қадам басып жүруіме көп септігін тигізді.

Жалпы, Баймановтар әулеті облыс шаруашылығын дамытуда көп еңбек сіңірді. Дүйсекеңнің ағасы Сәрсенбай Байманов та Сырдария аудандық су шаруашылығы баскармасына қарасты «Сүлүтөбе» учаскесінде көптеген жылдар басшылық жасап, абыройлы қызмет етті.

Әрбір маманның халықты жұмысқа жұмылдыру, ұйымдастырушылық деңгейі мекемені басқарған кездері таразыланады. Дүйсекеңнің ұжым басқару, мемлекеттік жоспарды артығымен орындау,

өзі жетекшілік ететін ұжымдағы қызметкерлерге жағдай жасау қабілеті Сырдария құрылыс-жөндеу баскармасының басшысы болып жүрген уақытта жарқырап көрінді. Сол тұста жұмыс ауқымын барынша кеңейтіп, облыс басшыларының қолдауымен құрылыс-жөндеу баскармасын кейін республикаға атағы жайылған №44 ПМК-ға (жылжымалы механикаландырылған колонна) айналдырды. Облысымызға белгілі маман Әскербек Мақұлбеков екеуі басқарған кезде мекеме ісі жанданды. Осындай жаны жайсаң азаматтардың жасампаздық, жанқиярлық еңбегінің арқасында облыс аумағындағы каналдардан миллиондаған текше метр топырақ шығарылып, мыңдаған гидротехникалық құрылыстар жөнделіп, жаңадан салынды.

Шындығында, сол кезеңде облыста суармалы жерлер ұлғайып, су шаруашылығы нысандарының құрылыстары

жаппай салынып жатты. Бұл уақыт осылайша қызу еңбек майданына айналған жылдар еді. Ол кезде су шаруашылығы мамандары үлкен абырой иесі саналатын, арамызда атақ-даңқы одаққа тараған бөделі биік тұлғалар да болды. Сол шақта Қызылорданың солжаға массиві «Бүкіл-

бірге барасын, мен ол кісімен келістім» - деді. Айтылған уақытта ПМК-ға барсам, Дүйсекең мені күтіп отыр екен. Алдымнан денелі, келісті келген, келбетті кісі шықты. Орнынан тұра, ескі танысындай жылы амандасты. Осы алғашқы кездесудегі жылылық сезімдері арамызда өмір бойы

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АРДАҚТЫ АЗАМАТ

одақтық екпінді комсомолдық құрылыс» деп жарияланған жылдар еді. Айналаға қарасаң, барлық жерде қарбалас, қызу да, қажырлы еңбек көзге шалынып жататын.

Дүйсекеңмен танысуым былай болды. Облысымыздың онтүстік-шығысында, сонау Шиелі ауданында «Ботабай» деген каналдың жаңы жайсаң азаматтардың басылып, Сырдария ауданынан Айдарлы елді мекенінің егістіктеріне дейін созылып жататын. Бірден айта кетейін, Ботабай, Айдарлы елді мекендерінің халқы аталған каналдың дұрыс жұмыс істеуіне өлшеусіз еңбек сіңірген Дүйсеңбай Байманұлын осы уақытқа дейін ұмытқан жоқ.

Бұл канал облыстық су шаруашылығы баскармасына қарасты Жаңадария каналдар баскармасының балансында болды. Менің сол мекемеге бас инженер қызметіне орналасқаным 2-3 күн өткен еді. Бастығым Қуаныш Еханов мені кабинетіне шақырып алып: «Әбдіманап, сен бүгін түскі асқады ішіп ал да, түстен кейін «Ботабай» каналына іссапарға шық. Ондағы канал тазалау жұмыстары тоқтап қалыпты. «ПМК-44» мекемесінің бас инженері Дүйсенбай Байманов ағаммен

сәталып қалды.

Ботабайды бетке алып, бірден жолға шығып кеттік. Дүйсекеңнің «ГАЗ-69» жеңіл машинасына мініп, Айдарлы шаруашылығы арқылы тартып келе жатырмыз. Бұл жолы ол кісі әңгіме айтуға құлық танытпады. Байқаймын, бір үлкен ой құрсауында отыр. Оны сезген мен де анда-санда бір тіл қатысып, көп шешіліп сөйлесей отырдым. Дүйсекеңнің былай ойлану себебін әлгі нысанға барғанда бірақ түсіндім. «Ботабай» каналының шамамен 400 пикетіне жақындағанда түрс-түрс атылған мылтық дауысы естілді. Машинаны тоқтатып байқап қарасақ, канал тазалап жатқан экскаваторшы-бульлозершілер, біреуі өздері жататын вагонның тасасында, ал екіншісі каналдың арғы бетінде жатып алып бір-біріне кезек-кезек оқ атады. Дүйсекең маған «машинаның қасында бұғып отыр, қозғалушы болма» деді де жүргізуші екеуімізді тастап, жанағы жакқа қарай бет алды. Біз де ол кісіні сақтандырып жатырмыз. «Ойбай-ау, қоя тұрсаңызшы, басылған сон бара-сыз ғой» деген жанайқайымызға қараған жоқ, вагонға қарай кете берді.

Шындығында, өте қауіпті жағдай еді. Күн еңкейіп, ала-көгім болған уақыт. Төкетері, Дүйсекең бульдозершіден мылтығын тартып алып, салден соң екінші атқышты да қарусыздандырды. Сөйтсек, оқиға былай өрбіген екен. Канал тазалап жатқан механизаторлар екі күн арақ ішіп,

бір сәтте мен Дүйсекеңді әңгімеге тартам, «қалай үйлендіңіз, айтсаңызшы?» деймін баяғы. Ол кісі машинаның алдыңғы орындығында шалқалып ыңғайланып отырып алады да «Бойында Арыстың, өзімнен таныстым...» деп зор даусымен ән шырқай жөнеледі. Сөйтіп, әдемі әңгімелер тиегі ағытала түсетін. Жалпы жұбайы Орекең, балалары туралы айтканда әшейінде қатал, сұсты көрінетін Дүйсекеңнің дауысы жұмсарып сала беретін, оларды жанындай жақсы көретіні білініп тұратын.

Менің жұбайым Кұлшахар Ахметқызы Дүйсекеңнің қарауында, «ПМК-44» мекемесінде экономист болып көп жылдар қызмет істеді. Оның айтуынша, ПМК экскаваторшылары сол кезде 900-1000 сомға дейін айлық алатын екен. Облыс басшыларының алатын айлығы ол кезде 200-250 сом еді. Ол шахташылардан кейінгі көлемді айлық болатын. Жалпы, Дүйсекең олардың барлық мәселесін шешіп беріп отыратын.

Мен кейін көп жылдар бойы облыстың су шаруашылығын басқардым. Қол астыма талай жоғары деңгейдегі сауатты мамандар, іскер азаматтар қызмет жасады. Бірақ, Дүйсенбай Байманұлы сияқты азаматтардың азайып кеткені ойлантатын.

Дүйсекең өмірден ерте кетті. Бірақ, «Орында бар оналар» демекші, ол кісінің ұрпақтары елге, ағайынға сыйлы, өмірде өз орны бар азаматтар болып өсті. Біз, Дүйсенбай Байманұлының замандастары, асыл азаматтың ұрпақтарына алыстан болса да осылайша тілеулес боламыз. Әкесінің, атасының абыройындай биікке шықса екен деп тілейміз.

**Әбдіманап ҚҰТЖАНОВ,**  
**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.**

## ӨТКЕНГЕ ОРАЛАЙЫҚ ...

Біз тек зейнетке шығатын уақыт жақындап қалған кезде ғана еліміздегі зейнетақы жүйесінің қалай құрылғанына мән бере бастаймыз. Ғаламторды ақтарып, қартайғанға дейін қанша қаражат жинағанымызды шамамен есептейміз, ал егер жинаған ақшамыз біз ойлағандай болып шықпаса, шұғыл әрекет жасауға тырысып жатамыз. Бұлай істеуге де болады, бірақ қартайған шақта құралақан қалмас үшін басқа жолды таңдаған жөн. Оның үстіне бүгінде адам жас болған сайын, болашағы да жемісті болмақ. Қазіргі жиырма, отыз жас шамасындағылар жас кезінде тапқан ақшасына ғана сене алады. Өйткені қазақстандағы зейнетақы жүйесінің қолданатын тәсілі осындай. Өрине, бұрын кеңестік жүйеде бәрі айдан анық болды. Жұмыс істейсің, салық төлейсің әрі қартайғанда аш қалмайтынныңды да білесің әрі оған сенімдісің, өйткені қалай болған күнде де, соңғы үш жылда есептелген жалақыңның заңды 60 пайызын аласың. Бәрі түсінікті, басынды да қатырмайсың. Бүгінгі таңда да көпшілігі «90-шы жылдардың соңында кеңестік зейнетақы жүйесі неге бұзылды?» деген сұрақтар қойып жатады. Бұл не өзі: реформаларға деген ұмтылыс, жоқ қажеттілік пе? Өрине, қажеттілік. Егер біз сол кездері зейнетақы жүйесін ретке келтіретін шұғыл шаралар қабылдамағанда, бүгін қандай жағдайға түсетініміз белгісіз еді.

— *Иә, ортақ зейнетақы жүйесі тым қарапайым әрі көбінде жақсы болатын, бірақ оның кемшіліктері де көп болды, салдарынан көптеген проблемалар орын алды, — деп түсіндіреді біздің сарапшымыз — Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы жүйесінің актуарлық орталығының басшысы Сайран СейдиГАЗИМОВ.* — *Адамның қайда және қанша уақыт жұмыс істегені туралы барлық ақпарат еңбек кітапшасына жазылды, бірақ оның жалақысы көрсетілмеді. Жалпы алғанда, Кеңес одағы кезінде әр адам қазынаға қаншалықты қаражат аударып жатыр деген ұғым болмаған. Барлық ақша бір қазанға түсті, сол жерден әртүрлі әлеуметтік қажеттіліктерге үлестірілді, оның ішінде үлкен кісілерге төлем жасалды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда ортақ жүйенің қолданылуы жалғасын тапты, бірақ көп ұзамай жаңа экономикалық және демографиялық ақиқатта елдің барлық зейнеткерлерді қамтамасыз ете алмайтыны және тәсілдерді жылдам ауыстыру керектігі түсінікті болды.*

Бұл әбегіршілікке толы, толқымалы тоқсаныншы жылдар еді. Буыны бекімеген экономика, мұнай бағасының құлдырауы (олар ерқашан шешуші рөл ойнады), жұмыссыздық, әлеуметтік шиеленіс, т.т. Бұл жағдайларда ортақ зейнетақы жүйесі (азаматтардан қанша ақша алатынымызды дұрыс білмейміз, бірақ тиынына дейін беруі керек) өмір сүруге бейімсіз болып шықты. Жұмыс істеп, салық төлеп жатқан қазақстандықтар саны барған сайын азайып, қарттардың қатары көбейе берді. Мемлекет шоттар бойынша төлей алмайтын жағдайға жетті, зейнетақы көшкіріліп төлене бастады. Бюджеттегі ақша мүлде жетпеді. Оның үстіне демографиялық фактор барған сайын қатты сезіле бастады. 2005 жылдан бастап зейнеткерлердің саны күрт өсті (олар 1945 жылдан кейін өмірге

келген адамдар еді, ол кезде бала туу көп болған). Олар үшін жұмыс істейтін жастар саны мүлде жетіспеді (90 жылдардың басындағы бала туудың төмендеуін еске түсіріңіз). Және бір көрсеткіштен басқаға көшкен кезде, біз демографиялық алшақтықты байқадық. Қазынадан көп ақша берілу керек болды, ал қаражат түсімі барған сайын азая берді. — *1998 жылы қазақстандықтар жалақыдан 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аудару бастады әрі жеке меншік қорлар пайда болды, — деп жалғастырды*

# Жүйелі тәсіл

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу қаншалықты орынды болды, болашақ зейнеткерлер неге сене алады? Осы сұрақтардың бәріне біздің сарапшыларымызбен бірге жауап іздедік.**

*Сайран. — Барлығы да дұрыс жүрген сияқты еді. Бірақ әлемдік дағдарыс, ел ішіндегі проблемалар, сол демографиялық факторлар зейнетақы жүйесіне де әсерін тигізді. Осыған байланысты біраз уақыттан кейін барлық зейнетақы қорларын бір мемлекеттік қорға біріктіру туралы шешім қабылданды, сөйтіп ақша да орында,келпідік те жоғары.*

## БОЛАШАҚҚА КӨЗ ЖҮГІРТЕЙІК...

Өз жалақысының 10 пайызын жоқ дегенде 40 жыл аударған адамдар құрметті демалысқа шыққаннан кейін ғана жинақтаушы зейнетақы жүйесі толығымен жетілді деп айтуға болады. Яғни Қазақстанда осындай алғашқы зейнеткерлер 2038 жылы кездесетін болады. Қазір қырыққа таяп қалған адамдардың барлығы өздері жинаған қаражатты ғана алатын болады. Өрине базалық зейнетақы ешқайда кетпейді, бірақ оның мөлшері тағы да еңбек өтіліне және зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты болады. Әрі біздің кез келгеніміз 2016 жылдан 2040 жылға қарай оңай өте аламыз. Оған мысал ретінде болашақ зейнетақымыздың мөлшерін есептеп көрейік.

\* БЖЗҚ-ның www.enprf.kz сайтына кірейміз.  
\* «Зейнетақы калькуляторы» - «Зейнетақы калькуляторы 1» бөлімін іздейміз.  
\* Ол жерде: жынысымызды, туған жылымызды, 1998 жылға дейінгі өтілімізді, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі өтілімізді, ағымдағы жинақтарымыздың сомасын және жалақымыздың мөлшерін көрсетеміз.

\* «Есептеу» тетігін басамыз және қартайған кезде бізді не күтіп тұрғанын бағалаймыз. Жүйе пессимистік, реалистік және оптимистік деген үш сценарий береді.

Калькулятор менің болашақтағы зейнетақымды болжаммен көрсетеді. Несі бір, жаман емес. Ең болмағанда қандайда бір нәрсені білеміз. Бірақ тағы бірнеше тұстарын анықтағым келеді. Мысалы, 2038 жылға қарай зейнеткерлердің шоттарында болатын жинақтар он алты жылға жететіндей етіп бөлінеді, адамдар құрметті демалысқа шыққаннан кейін орта есеппен алғанда осынша жыл өмір (80 жасқа дейін) сүреді екен. Өкінішке орай, кейбіреулері одан ерте қайтыс болады,

өзіңіздің болашақ зейнетақыңыздың мөлшерін есептеп көріңіз.

Бірақ, өкінішке орай, мұндай тәсіл танымал емес. Сондықтан біздің қартайған шағымыздың қамын ойлауды мемлекет қолға алды. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің БЖЗҚ-да арнайы ашылған шартты зейнетақы шоттарына жалақыларының 5 пайызы мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын аударатын болады. Осы жерде айта кетейін: бұл ақша мұраға қалдырылмайды. Қайтыс болған адамның немесе елден кеткен адамның шотындағы осы қаражат қалған барлық азаматтарға автоматты түрде бөлінетін болады. Бұл төлемдер өмір бойы жүргізіледі. Бұл — ұзақ өмір сүретіндер үшін нағыз сақтандыру.

## БҮГІНГІ КҮНГЕ ШОЛУ ЖАСАЙЫҚ...

Ал ең басты сұрақ: өзінің маңдай терімен, еңбектеніп тапқан және керілік шағына қалдырылған ақшаны кім сақтайды? Жынауын жинадық, ал біз оны ала аламыз ба? Зейнетақы шоттарында ақшасы бар көптеген адамдар мен жастарды да мазалайтын сұрақ осы емес пе? Біресе девальвация, біресе зейнетақы қорындағы ақшаны әртүрлі инвестициялық жобаларға жіберу жөніндегі жаңалықтар.

— *Құнсыздану деңгейіндегі кірістілік есепке алына отырып, зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекеттік келпідік беріледі деген ұғым бар.Ол заңда анық жазылған, — деп түсіндіреді Сайран СейдиГАЗИМОВ.* — *Біз өз клиенттерімізден: «мен бір жарым миллион жинадым, бірақ девальвациядан кейін олар құнсызданып кетті...» деген сөздерді жиі естіп жүрміз. Бірақ, сіздердің барлық жарналарыңыздың сақталатыны және құнсыздану деңгейінен төмен болмайтын кірістіліктің қамтамасыз етілетіні жөнінде сіздер білулеріңіз керек. Бұл жыл сайын қайталанбайды, тек зейнетке шыққан кезде ғана қайта есептеліп шығарылады. Егер бір кездері зейнетақы жинақтары құнсызданып кетсе, онда олар кейін қайта есептеліп, аталған ақша кем дегенде құнсыздану деңгейінде қайтарылады. Бұл айырманы*

*мемлекет өтеуге міндетті.*

Ал Қазақтанның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмысы туралы тәуелсіз сарапшылар не ойлайды.

**Светлана ХАЙРУЛЛИНА, экономист:**

— Қазір ортақ жүйеден кету бүкіл дүние жүзіне тән болып отыр, Қазақстан да көштен қалғысы жоқ, көптеген елдер де осы жолмен келе жатыр. Өрине, мемлекет қандай да бір жүкті өзіне алған, бірақ оның көп бөлігі зейнетақы аударатын азаматтарымыздың

өздеріне жүктеледі.

Сондықтан да скептиктер не десе де, айта кетейін: дүние жүзіндегі бірде-бір зейнетақы жүйесі кемшіліксіз жұмыс істеп жатқан жоқ. Өрине, табысты зейнетақыға алмастыру коэффициенті барынша жоғары елдер бар. Бірақ барлық жерде өз артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Экономика кезеңмен дамып келеді және дағдарыс орын алған кезеңдерде инвестициялық табыстың инфляцияны жабатын қажетті деңгейін қамтамасыз етпейді. Сондықтан, қазіргі кезде көптеген елдер өз зейнетақы жүйелерін жетілдіруге әрі жаңғыртуға барынша күш салып жатыр. Өдеттегідей, олардың кейбіреуінен толық бас тартып жатқан жоқ, қайта мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың тікелей қатысуымен дұрыс бөлу және үйлестіру қолға алынды. Ол бізде де жүріп жатыр.

Қазір еліміздегі қолданыстағы жинақтаушы жүйе нашар жұмыс істейді деп айту қате. Құрметті демалысына шыққан соң өзінің зейнетақы жарналары есебінен ғана зейнетақы алып отырған бірде-бір зейнеткер жоқ. Ал олардың сақталуына келетін болсақ, еске түсірейік, 2013 жылға дейін зейнетақы жинақтары жеке қорларда сақталып келіп, кейіннен ғана БЖЗҚ-ға берілді. Зейнетақы активтері уақытылы берілді әрі сол уақытта қаражаттың қандай да бір бөлігінің жоғалғаны туралы мәселе туындаған жоқ. Өрине, инвестициялық табыс әртүрлі қалыптасты, себебі, бір қор жақсы жұмыс істеген болса, басқа қордың жұмысы нашар болды. Бірақ жалпы алғанда, сол кезде де, қазір де заңнама зейнетақы жарналарын сақтау бөлігінде толығымен орындалды. Тәуекелдерді бақылау жүйесі нақты жұмыс істейді. Кез келген салымшы БЖЗҚ сайтынан Ұлттық Банктің ақшаны қайда және қалай инвестициялайтынын көре алады, тіпті өзінің зейнетақы шотын да тексере алады. Непіктен көпшілігінің бұл жүйеге сенбейтінін де түсінемін. Өкінішке орай, «біз ол ақшаны бәрібір де көрмейміз, олар не күйіп кетеді, не құнсызданып кетеді» деген сөздерді жиі естіп жүрміз. Мүмкін бұл сонау кеңес одағынан қалыптасып қалған ой-пікір шығар, ол кезде көпшілігі өз жинақтарын жоғалтқан еді. Бірақ қазір уақыт өзгерді, сондықтан біздің зейнетақы жүйесіне деген көзқарасымыз да өзгеру

керек. Аға буын мемлекеттің көмегіне сүйеніп үйренген, бірақ бұл да өткеннің еншісінде қалып барады. Жастар көбінесе өздеріне сену керек әрі мұны түсініп, жаңа өзгерістерге бой үйрете бергені жөн. Бүгінгі таңда заңнаманы, өз құқықтарын білетін әрі қорғайтын өз өмірін жақсартуға ұмтылатын жаңа, жас ұрпақ қартайған шағында бақуатты өмір сүретініне сене алады.

**Ерлан БУРАБАЕВ, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының басқарушы директоры:**

— Өдетте адамдар үнемі ұмытып кетіп жататын бірнеше маңызды сәттер бар. Мен соларды еске салып өтсем деймін. Егер Қазақстанда, яғни елімізде ортақ зейнетақы жүйесі сақталып қалған болса, онда табыс салығы да көп болатын еді. Еске түсірейік, Кеңес одағы кезінде салық 25 пайызға дейін жеткен болатын, ал біз қазір тек он пайыз ғана төлеп отырымыз. Зейнетақы қорына біз аударып отырған ақша — біздің (салымшылардың) ақшамыз, яғни жекеменшігіміз, тек оны біз біраз уақыт өткен соң пайдаланамыз. Оның үстіне бүгінде келпідік берілген ең төмен зейнетақы жүйесі енгізіліп жатыр, оған қоса, жұмыс берушілер еңбекақы төлеу қорынан бес пайыз мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын аударатын болады. Бұл да өз кезегінде болашақ зейнеткерлерге арналған алдын ала сақтандыру түрі, былай қарағанда ортақ зейнетақы жүйесінің өзгертілген үлгісі.

Ал аударымдардың сақталуы қалай болмақ? Қолданыстағы заңнама бойынша мемлекет аударымдардың сақталуына ғана емес, сол секілді жинақталған құнсыздануға да келпідік береді. Ал егер мұны есептейтін болсақ, онда бұл — адам құрметті демалысына шыққан кезде алатын қомақты ақша. Бізде адамдар ақшаны долларға шағып есептегенге бой үйреткен, сондықтан да «осы ақшаны қолыма алғанда, мен оларды валютаға инвестициялайтын едім» деушілер де бар. Бірақ бұл аударымдарды теңгеммен саламыз және оған мемлекет келпідік береді. «Мен тек өз қалтама сенемін, болашағым жайында ойлауым керек» деген секілді біржақты пікірде болмау керек. Біреулер оларда осындай, бізде мұндай деп Батысқа меңзейді, дегенмен, кейбір жәйттерді естен шығарып аларды, біз өз елімізде қолданатын кез келген үлгіні еліміздегі ақиқаттарға бейімдеуге тиіспіз. Себебі, бізде салық салу, шегерімдер және т.т. жүйелері мүлде басқа. Басқа елдерде сәтті шыққан жүйелерді бізге көпшілік қолдана салуға болмайды. Олардың да өз ерекшеліктері бар. Мен оптимисттің және әр уақытта тек жақсылыққа сенемін. Біз жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгіздік және оны дамытуға тиіспіз. Қазір біз БЖЗҚ активтерін бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қатысушылардың басқаруына беру керек деп ойлаймын. Бұл жалпы әлемдік тәжірибе, мұнда реттеуші Ұлттық Банк бір өзі ғана басқарушы болмау керек. Жарналардың сақталуы қамтамасыз етілсе, табыс та болады. Адамдар қазір де зейнетке шығып, жинақтарын алып жатыр. Олар көп емес, бірақ аударымдар да жақында жасала бастады. Ал жинақ кезеңі неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым болашақ зейнеткерлердің шоттарындағы ақша да көп болады.

**Асия ДЕМИСИНОВА.**



|     |                                                                                                                                                                                                                                                                     |            |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 268 | Облыс жолшылар келігі және автомобиль жолдары басқармасы                                                                                                                                                                                                            | 14 589     |
| 045 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалаларды) бөлшектері Қазақстан Республикасында мүдделерін қорғаушы ұйымдарының қызметі және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдары аралығын іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілген ағымдағы нысаналы трансферттер | 14 589     |
| 295 | Облыстың еңбек салымдары басқармасы                                                                                                                                                                                                                                 | 60 225     |
| 001 | Жергілікті деңгейде өміс қатынастарын реттеу салымдығы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                          | 60 225     |
| 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                                                                                                                                                                                              | 10 000     |
| 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкция                                                                                                                                                                                                      | 10 000     |
| 07  | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                                                                    | 16 344 341 |
| 268 | Облыстың жолшылар келігі және автомобиль жолдары басқармасы                                                                                                                                                                                                         | 96 355     |
| 021 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалаларды) бөлшектеріне Жұмыспен қамту 2020 жыл қорғасын шеңберінде қалаларды және аудандық елді мекендерді дамытуға берілген ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                          | 96 355     |
| 279 | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы                                                                                                                                                                                                | 3 291 884  |
| 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салымдары мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                  | 119 448    |
| 032 | Ауыл сумен жабдықтауын (балықасын көзделі бойынша) табиғатын сумен жабдықтау және маңындағы тотық және жергілікті жұмыспен алуға су беру жөніндегі қызметтерін құрылымдық сұбындау                                                                                  | 2 525 996  |
| 038 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту                                                                                                                                                                                                                                     | 75 889     |
| 113 | Жергілікті бөлшектердің берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                                    | 570 550    |
| 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                                                                                                                                                                                              | 12 956 102 |
| 014 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалаларды) бөлшектеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жолшылар және (немесе) салу, реконструкцияларға берілген нысаналы даму трансферттері                                                                             | 937 915    |
| 025 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалаларды) бөлшектеріне қалалар мен елді мекендерді ағымдағы дамытуға берілген нысаналы даму трансферттері                                                                                                                            | 317 793    |
| 034 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалаларды) бөлшектеріне инженерлік-коммуналдық шаруашылық жолшылар, дамытуға және (немесе) жалпыастана берілген нысаналы даму трансферттері                                                                                           | 11 700 393 |
| 08  | Мәдениет, спорт, тұрғын және аяппартық кеністік                                                                                                                                                                                                                     | 4 825 837  |
| 263 | Облыстың иін салымдары басқармасы                                                                                                                                                                                                                                   | 1 046 400  |
| 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                             | 203 411    |
| 003 | Жастар саясаты салымдығы іс-шараларды іске асыру                                                                                                                                                                                                                    | 128 918    |
| 007 | Мемлекеттік аяппартық саяси жүргізу жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                                             | 588 610    |
| 010 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту                                                                                                                                                                                                  | 22 626     |
| 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының құрылымдық шығыстары                                                                                                                                                                            | 9 901      |
| 113 | Жергілікті бөлшектердің берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                                    | 93 334     |
| 273 | Облыстың мәдениет, архитет және құжаттама басқармасы                                                                                                                                                                                                                | 1 673 100  |
| 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет және архитет ісін басқару салымдығы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                | 76 816     |
| 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау                                                                                                                                                                                                                                       | 218 544    |
| 007 | Тұрғын-мәдени шаруаындағы және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                  | 328 376    |
| 008 | Театр және музыка өнерін қолдау                                                                                                                                                                                                                                     | 562 624    |
| 010 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                               | 211 628    |
| 011 | Архив қорының сақтауын қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                               | 669 272    |
| 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының құрылымдық шығыстары                                                                                                                                                                            | 22 800     |
| 113 | Жергілікті бөлшектердің берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                                    | 82 736     |
| 285 | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы                                                                                                                                                                                                                       | 1 715 896  |
| 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт салымдығы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                         | 260 745    |
| 002 | Облыстың деңгейде спорт жарыстарын өткізу                                                                                                                                                                                                                           | 100 882    |
| 003 | Өр тұрғын спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысу                                                                                                                      | 1 019 448  |
| 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының құрылымдық шығыстары                                                                                                                                                                            | 13 854     |
| 113 | Жергілікті бөлшектердің берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                                    | 320 967    |
| 289 | Облыстың көліктер және тұрғын басқармасы                                                                                                                                                                                                                            | 7 935      |
| 010 | Түрлікті құрылыс реттеу                                                                                                                                                                                                                                             | 793 518    |
| 288 | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                                                                                                                                                                                              | 382 518    |
| 011 | Мұрағат объектілерін дамыту                                                                                                                                                                                                                                         | 177 823    |
| 024 | Спорт объектілерін дамыту                                                                                                                                                                                                                                           | 177 823    |
| 027 | Мәдениет объектілерін дамыту                                                                                                                                                                                                                                        | 154 695    |
| 09  | Отын-энергетика кеністік және жер қойнының пайдалану                                                                                                                                                                                                                | 751 633    |
| 279 | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы                                                                                                                                                                                                | 751 633    |
| 081 | Елді мекендерді шаруашылық-ауыл сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру                                                                                                                                                       | 203 139    |
| 10  | Ауыл, су орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қорғаныс ортасы және жануарлар дүниесі қорғау, жер қатынастары                                                                                                                                | 9 927 687  |
| 251 | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы                                                                                                                                                                                                                                | 61 119     |
| 001 | Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу салымдығы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                               | 41 182     |
| 003 | Жер қатынастарын реттеу                                                                                                                                                                                                                                             | 19 937     |
| 254 | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы                                                                                                                                                                                                | 1 173 436  |
| 001 | Жергілікті деңгейде қорғаныс ортасы қорғаныс салымдығы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                          | 84 395     |
| 002 | Су қорғау аймақтары мен су объектілерін белдеулерін белдеу                                                                                                                                                                                                          | 6 331      |
| 003 | Коммуналдық меншіктің шаруашылық қырыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                          | 18 832     |
| 005 | Орманшаруа сақтау, қорғау, молалық және орман өсіру                                                                                                                                                                                                                 | 692 525    |
| 006 | Жануарлар дүниесін қорғау                                                                                                                                                                                                                                           | 12 947     |
| 008 | Қорғаныс ортасы қорғау бойынша іс-шаралар                                                                                                                                                                                                                           | 346 855    |
| 022 | Қорғаныс ортасы меншіктің және жер қорғаныс маңындағы мен тегітерін мемлекеттік есепке алу және тіркеу                                                                                                                                                              | 5 000      |
| 113 | Жергілікті бөлшектердің берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                                                                                    | 2 000      |
| 114 | Жергілікті бөлшектердің берілетін нысаналы даму трансферттері                                                                                                                                                                                                       | 5 000      |
